Дизель отынын әкетуге уақытша тыйым салуды енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 11 ақпандағы N 137 Қаулысы

Ел экономикасының мұқтаждары үшін дизель отынының қажетті қорын жасау мақсатында, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 сәуірдегі Кеден кодексінің 8-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2005 жылғы 16 ақпан - 31 мамыр кезеңінде Қазақстан Республикасының аумағынан дизель отынын (ЕурАзЭҚ СЭҚ ТН 2710 19 410 0 - 2710 19 490 0) әкетуге тыйым салынсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті осы қаулының 1-тармағын орындау жөніндегі қажетті шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі белгіленген тәртіппен Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық комитетіне Қазақстан Республикасы осы қаулының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағынан дизель отынын әкетуге уақытша тыйым салуды енгізгендігі туралы хабарласын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрі В.С. Школьникке жүктелсін.

5. Осы қаулы 2005 жылғы 16 ақпаннан бастап қолданысқа енгізіледі және жарияланууға тиіс.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК